

**"Оралмандардың 2009 - 2011 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы"  
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 қарашадағы N 1021 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Оралмандардың 2009 - 2011 жылдарға арналған көшіп келу квотасы туралы"  
Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан  
Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

**Оралмандардың 2009 - 2011 жылдарға арналған  
көшіп келу квотасы туралы**

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13  
желтоқсандағы Заңына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған оралмандардың 2009 - 2011  
жылдарға арналған көшіп келу квотасы әрбір күнтізбелік жылға 20000 отбасы  
мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Президенті* *Н.Назарбаев*